



Қазақстанның мәдениеті мен спорт министрінің орынбасары

М.Қ. 08/11/2010

Мәдениет және спорт министрлігінің

ХАЛЫҚ СӨЗІ

ЖАҢА ЖЫЛДЫ ОНЫНШЫ АЙДА ҚАРСЫ АЛЫП ЖҮРМІЗ



Жүніс САХИЕВ,
Жазушы-болашақгер, Халықаралық
Байқоңыр сыйлығының лауреаты

Ұлыстың ұлы күні үлкендер мен үлкендер, жастар мен жастар, қыздар мен қыздар құшақтасып көрісіп, жыл бойында жіберіп алған ағаттықтарын кешіріп, жаңа күн, жаңа жылды қарсы алып, жеті тағамнан тұратын Наурыз көжеден дәм татып, бүкіл тіршілік әлемі қайта оянған сәтімен астаса мәз-мәйрам болатын сәттерді

еске алу күндеріне айналдырып алғанымызға да аз уақыт өткен жоқ. Тек 1988 жылдың Наурыз айынан бастап бұл жаңа күн, бұл жаңа жыл қайта жанданды. 1990 жылғы Наурыз айының 21-нен 22-не қараған түні «Қазақстан» телеарнасы жаңа таңды қарсы алу рәсімін тұңғыш рет тікелей эфирде жариялап өткізді.

Содан бері Ұлыстың ұлы күні жыл сайын аталып, жыл өткен сайын тойлану ауқымы кеңейіп келеді. Бұл нағыз жаңа жылдық ұлы мерекенің түп-тамыр тарихының бірнеше мыңжылдықтарға тереңдеп кететіні қай қайсысымызға да белгілі. Халқымыздың күнтізбелік тарихына көз жіберсек, оның Ай, Сүмбіле, Үркермен байланысты шыққанына көз жеткіземіз. Ұлы табиғатты көздің қарашығындай сақтау мен аялау үшін көшпенділік ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың

бұл тұрғыдағы ізденісі болса да ерекше. Тәулік санау мен жыл санауды халқымыздың аспан шырақтары мен денелерінің қозғалыстарына қарап дәл мөлшерлегені белгілі. Ай ширектерінің өзгеруі, оның Торпақ шоқжұлдызы құрамындағы Үркер жұлдыз шоғырымен тоғысуы, Үлкен Арлан шоқжұлдызы құрамындағы аспанның ең сұлу жұлдызы – Сүмбіленің шығыс көкжиектен шығуы мерзімдерін дәл аңғара жүріп, соған қарай ауа райының қалай құбылатынына да мән берген. Ауыз әдебиетінде олар жайлы туындаған өлең-жырлар да бізге жаттанды.

Осының бәрі де ұлы қазақ халқымыздың жыл басын Наурыз айынан бастауының астрономиялық негізі бар екенін дәлелдей түседі. Көктемнің алғашқы гүлі – Бәйшешек бой көтеріп, қауыз жарғаннан кейін-ақ күллі тіршілік иелері тіршілік



әрекеттеріне көшеді. Наурыздың 21-ші жаңа күнінде күн мен түннің ұзақтығы 12 сағаттан теңеліп, 22-ші жаңа күнінен жаңа жыл басталады. Күн сәулесінің жылуы күн санап күшейеді. Жылы жаққа ұшып кеткен құстар қайтып оралып, ағаш бұтақтарына ұя салып, балапан өсіріп ұшыруға кіріседі. Мал төлдейді, қой қоздайды. Қар кетіп, жер беті жасыл өсімдік пен гүл әлеміне айналады, жеміс ағаштары гүлдеп, хош иістері ауа құрамын жаңартады.

Бұл әрбір саналы адам баласы жақсы білетін табиғи құбылыс. Ал мұның астрономиялық заңдылығына тереңірек үңілсек, бұл табиғи заңдылық нақтылана береді. Көктем – Наурыздың 22-нен, жаз – Маусымның 22-нен, күз – Қыркүйектің 23-нен, қыс – Желтоқсанның 23-нен басталады.

Жалғасы 8 бетте